

# Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ»

## романындағы кейіпкерлер әлемі

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ТАРИХИ ТАҚЫРЫПҚА ЖАЗЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР ХАЛЫҚТЫҢ ӨТКЕНІН КӨРКЕМДІК ТҰРҒЫДАН БЕЙНЕЛЕУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНАНЫ БАЙЫТАДЫ. ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ – ОСЫндай ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРДІ жаңа КӨРКЕМДІК ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРГЕН СУРЕТКЕР. БЕЛГІЛІ ЗЕРТТЕУШІ ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІГІН БЫЛАЙША СИПАТТАЙДЫ: «Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ КӨРКЕМДІК ПАЛИТРАСЫНЫҢ ҚУАТЫ МЕН ҚАСИЕТІ ДЕ ОСЫнда – ОЛ ЕЖЕЛГІ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРДІ БҮГІНГІ КҮННІҢ ЕЛЕГІНЕН ӨТКІЗІП, ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЕКШЕП ОТЫРАДЫ, СОЛ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРДЕН КҮЛЛІ АДАМ БАЛАСЫНА ОРТАҚ АДАМШЫЛЫҚ ТАМЫРЛАРДЫ ТАУЫП ОТЫРАДЫ. ӨТКЕН КҮНДЕР ШЫНДЫҒЫНА БҮГІНГІ КҮННІҢ ЖАРЫҚ СӘУЛЕСІН ТҮСІРЕДІ. Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ СУРЕТКЕР РЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІНІҢ БІР ПАРАСЫН ОСЫ ТӨҢІРЕКТЕН ІЗДЕУІМІЗ КЕРЕК». БҮЛ ПІКІР ЖАЗУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘДІСІН АЙҚЫНДАЙДЫ: ОЛ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ КӨРКЕМДІК ТҰРҒЫДАН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫП, ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ. «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ – ТАРИХИ Оқиғаларды БЕЙНЕЛЕУ АРҚЫЛЫ АДАМгершілік-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНДІ АШУЫ.**

рухани құндылықтардың символы. Ол билікке бағынбайтын, әмірші жүрекке әмір ете алмайтын шынайы сезімнің құдіретін паш етеді. Мұнара арқылы жазушы өнердің мәнін, махаббаттың асқақтығын және адамның рухани әлемінің тереңдігін көрсетеді. Шығармада Кіші ханша бейнесі ерекше психологиялық тереңдікпен суреттеледі. Оның жалғыз-ақ «күнәсі» өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салуы. Бұл көркемдік тәсіл арқылы жазушы адамның бейсаналық күйін, жасырын арманын, ішкі сезімін көрсетеді. Әміршінің қырағы көзі ханшаның түсін де қылмыс ретінде қабылдап, оны шынайы сезімнің дәлелі деп бағалайды. Әміршінің монологында: «Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес, әнеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанымен түсінде табысты. Ендеше сол бір жайнақ көз жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан. Көңілінде ол ханымға бұдан гөрі әлдеқайда жақынырақ...» деп суреттеледі. Автордың басты мақсаты – адамшылық қасиетті аяққа таптауын зорлық пен зұлымдықтың, билікқұмарлықтың шірік философиясын әшкерелеу. Осы арқылы жазушы жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның рухани азғындауына себеп болатын биліктің шектеусіз үстемдігін сыңға алады. Қаншалықты қаһарлы, қайратты болғанымен, Әміршінің өзі де, шын мәнінде, көрсөкер әрі қатыгез бейне ретінде суреттеледі. Ол өзгелерді қайғы-қасіретке ұшыратумен бірге, өзі де сол шектеусіз биліктің құрбанына айналады. Жазушының көркемдік шешімі – биліктің сырттай күшті болғанымен, рухани тұрғыдан әлсіз екенін көрсету. Әмірші бейнесі арқылы билік пен адамгершіліктің, зорлық пен махаббаттың үстемдік пен өнердің арасындағы қайшылықты философиялық тұрғыдан ашады.

Жазушы халық жадындағы аңыздық сюжеттерді жаңғыртып, оларды қазіргі болмысқа сәйкес әлеуметтік-психологиялық модельге айналдырады. Романның негізгі желісі – Әмірші, ханша және сәулетші Жаппар арасындағы күрделі қарым-қатынас. Әмірші бейнесі арқылы биліктің шектеусіз үстемдігі мен эгоцентризмнің рухани азушылыққа апаратыны көрсетілсе, Жаппар бейнесі арқылы өнердің құдіреті мен махаббаттың асқақтығы паш етіледі. Ханша бейнесі – адамның ішкі еркіндігі мен бейсаналық сезімнің билікке бағынбайтын табиғатын айқындайды. Шығарманың көркемдік өзегі – мұнара бейнесі. Ол – үш кейіпкерді байланыстыратын ортақ символ ғана емес, махаббат пен өнердің биліктен жоғары тұрғанын дәлелдейтін көркемдік шешім. Мұнараның «сықырлы» сипаты, оның «мінезге» ие болуы – романтикалық әсірелеу арқылы адамның ішкі сезімін сыртқы формаға көшірудің көркемдік тәсілі.

Шын мәнінде, Әбіш Кекілбаев қазақ тарихи романдарындағы аңыздық желілерді өмірлік шындықпен сабақтастырып, олардың мазмұнын тереңдетіп, философиялық мән-маңыз береді. Жазушының шығармашылық ерекшелігі – халық жадында сақталған аңыздарды көркемдік тұрғыдан жаңғыртып, оларды тарихи деректермен үйлестіре отырып, жаңа эстетикалық деңгейге көтеруінде. Сюжет желісі түгелдей аңыздан арна тартқан «Аңыздың ақыры» романы – саф күмістей таза тарихи роман. Мұндағы тарихи деректердің барлығы көркемдік шешімін үйлесімді тапқан, адамзатқа ортақ рухани мәселелерді қозғаған туынды екенін Ә.Кекілбаев шығармаларынан анық байқауға болады.

**Бақтыгүл КАРИМСАКОВА,**  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

нез-құлқы – романның негізгі желісі, оның билікке сүйенгенімен, адамгершілік тұрғыдан жеңіліске ұшырауы шығармадағы басты философиялық түйін. Жазушының көркемдік шеберлігі Жаппар сәулетшінің өзімен өзі сөйлескен монологтарын беруінде айқын көрінеді. Бұл тәсіл арқылы кейіпкердің ішкі дүниесі, шығармашылық ізденісі, махаббатқа деген құмарлығы ашылады. Жаппарға бала кезінен сәулетшілік өнер дарыған, ол әкесінен алған қабілет арқылы дүниеде теңдесі жоқ мұнара салуға кіріседі. Кіші ханшаға ерекше ықылас пен құмарлық сезінген сәулетші мұнараны салудың жаңа түрін ойлап табады. Оның ойынша, мұнара ендігі жерде өзінің ұлылығымен емес, адамдарда сенім мен сүйіспеншілік сезімін оятатын туынды болуы тиіс. Осы мақсатпен ол мұнараны ерекше ықыласпен әшекейлеп, өнер арқылы махаббат пен сезімнің құдіретін бейнелейді.

Романда Әміршінің бейнесін тек билік пен үстемдіктің символы ретінде ғана емес, рухани ізденістің де көрінісі ретінде суреттейді. Жер бетіне әмірін жүргізіп, барлығын алақанында ұстаған Алмас хан мұнараға назар аударғанда, оның бейнелеген асқақ махаббатының несі кім екенін, ол кімге арналған ак сезім екенін іздеумен болады. Бұл ізденіс – Әміршінің ішкі қайшылығының көрінісі. Ол сырттай күшті, халықты бағындырған билеуші болғанымен, рухани тұрғыдан әлсіз. Мұнарадағы өнер туындысы оның билігіне бағынбайтын, жүрекке әмір ете алмайтын махаббат пен сезімнің құдіретін паш етеді. «Аңыздың ақыры» романында мұнара – сәулетші Жаппардың махаббатының символы ретінде көрінеді. Шығармадағы мұнараның атқаратын қызметі ерекше: ол үш кейіпкерді – ханды, ханшаны және шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі қызметін атқарады. Романның романтикалық сарыны да осы мұнара бейнесімен тікелей сабақтас.

Жазушы мұнараға жанданған кейіп беріп, оны адамға тән мінез-құлықпен сипаттайды. Мұнара кейде жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, кейде жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шығады. Бірде терезенің алдынан үнсіз телміріп, ет жүректі елжіретсе, артынша көк тіреп аспандап шығады. Бұл көркемдік тәсіл мұнараның тек сәулет өнерінің туындысы емес, адамның ішкі сезімдері мен рухани әлемінің көрінісі екенін айқындайды. Осылайша, мұнара бейнесі – махаббаттың, өнердің және

«Аңыздың ақыры» романы – тарихи тақырыпқа жазылып, тарихта болған Ақсақ Темір өмірінің бір сәті көрініс бергенімен, үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, қаламгерлік қиялын қоса отырып, дербес психологиялық шығарма тұдырған. Сыншы С.Әшімбаев романның тарихи негізін баса айта отырып: «шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып өтті, Әмірші деп отырғанымыз кім, қай елдің ханы? деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты», – деген пікір білдіреді. Шығарма сюжеті үш кейіпкердің – Әмірші, ханша және шебердің төңірегінде өрбитін тарихи аңызға негізделген. Жазушы аңыздық желіні жалаң баяндаушы емес, оны жаңаша түсіндіріп, жаңғыртып, адам жанының терең иірімдерін ашқан композициясы күрделі, психологиялық салмағы бар дербес туынды жасайды. Романның бас кейіпкері – Алмас хан. Шығармада оның өмірінің соңғы айларындағы оқиғалар суреттеледі. Алмас хан өз халқын толық бағындырып, басқаруда табысқа жеткен әмірші болғанымен, халыққа өз философиясын қабылдата алмайды. Осы себепті автор кейіпкердің ой жүйесін, сезіну, түйсіну өрісін, ішкі құбылыстарын суреттеуге ерекше көңіл бөледі. Әміршінің мінез-құлқы – романның негізгі желісі. Сюжет желісінде хан кезекті жорығынан оралғанда, кіші ханшаның өзінің құрметіне арнап салдырған биік мұнарасын көреді. Мұнараны салушы жас сәулетші ханшаға ғашық болып, оған деген құмарлығы мен інкәр сезімін өз өнері арқылы бейнелейді. Ханға суық хабар өзегін құрт жеген алма арқылы жетеді. Қызғанышы оянған хан шебер мен ханшаға қаһарланып, жас жігіттің көзін ойып, тілін кесіп қатал жазалайды. Алайда хан олардың жүрегіне әмір ете алмайды. Өйткені байлық пен биліктен тыс, бағынбайтын махаббат пен сезім құдіреті бар. Жазушының көркемдік шеберлігі – махаббат пен өнердің құдіретін билік пен байлықтан жоғары қоюында. Нағыз өнер туындысына тән сұлулық пен нәзіктік тек шынайы махаббаттың әсерінен туындайтынын суреткерлікпен жеткізеді.

Әміршінің бейнесін жасағанда Ә.Кекілбаев тарихи материалдарға сүйеніп, қазіргі болмысқа сәйкес әлеуметтік-психологиялық модель жасайды. Жазушы Әмірші бейнесі арқылы эгоцентризм мен өзін ғана сүюдің жалғыздыққа, рухани азушылыққа апаратынын көрсетеді. Әміршінің мі-

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«ШЕТПЕ-ТАС» ЖШС «2026 – 2031 жылдарға арналған ҚР маңғыстау облысы Маңғыстау ауданындағы ЖАҢАОРПА-II кенорнының бөлігіндегі құрылыс тасын өндіру объектісі үшін атмосфералық ауаға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары және ЖАҢАОРПА-II кенорнының әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44о 07' 26.50" с.е., 52о 13' 10.20" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 2026 жылғы 3 шілде, сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе а.о., Шетпе ауылы, орталық шағынауданы, 42, Шетпе ауылының мәдениет үйінде өтеді.

Карантин режимі немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда тыңдаулар ZOOM арқылы бейнеконференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтуіңіз қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/9938339771?pwd=S4oM1N1X5a0do4ewJmoAIPRvGEC3.1&omn=88663357615>

**Конференция идентификаторы:** 993 833 9771, кіру коды: Shetpe

**Іс-шараның бастамашысы:** «Шетпе-Тас» ЖШС, мекенжайы: ҚР, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылдық округі, Шетпе ауылы, Ескі Шетпе шағынауданы, 143/2-үй, телефон/факс (7292) 304105, тел.: +7 (7755138403). Жобаны әзірлеуші: ЖК А.А.Пушинка, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 19-үй, 121-пәтер, телефон: +7 (7755138403).

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> интернет-ресурсында орналас-тырылған.

**Материалдарды сұратуға болатын электрондық поштаның мекен-жайы мен телефоны:** alenin25@yandex.kz, +7 (7755138403).

**Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады:** «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат; тел.: +7 (7292) 462131 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, жауапты тұлға Сабина Базарбай.

13.07.2022 ж. **М.А.Сарманова №1602** атына берілген сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

## ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – САПАЛЫ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ

**ҚАЗІРГІ ЖАҢАДАНУ ДӘУІРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР КҮН САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ. ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ТЕК БІЛІМДІ ҒАНА ЕМЕС, ОЙЛАЙ АЛАТЫН, ТАЛДАЙТЫН, ЖАҢАШЫЛ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. МҰНДАЙ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЕҢ АЛДЫМЕН, ҰСТАЗДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ. СОНДЫҚТАН БҮГІНГІ КҮННІҢ БАС-ТЫ КЕЙІПКЕРІ – ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ.**

Жаңашыл ұстаз – бұл білім беруші ғана емес, ол – бағыттаушы, зерттеуші, шабыттандырушы тұлға. Ол дәстүрлі оқыту әдістерімен шектелмей, заманауи технологияларды тиімді қолдана отырып, білім алушының қызығушылығын арттырады. Цифрлық ресурстарды, интерактивті платформаларды, жобалық және зерттеушілік әдістерді қолдану арқылы сабақ мазмұнын байытады. Соның нәтижесінде, студент тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, оны іздеуші, саралаушы, қолданушы деңгейіне көтеріледі.

Білім беру үдерісіндегі жаңашылдық – тек технологиямен шектелмейді. Бұл – оқыту философиясының өзгеруі. Жаңашыл ұстаз әр білім алушының жеке ерекшелігін ескеріп, тұлғаға бағытталған оқыту қағидаларын басшылыққа алады. Ол студенттің сыни ойлауын дамытып, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Мұндай ортада білім алушы өзін еркін сезініп, өз ойын ашық жеткізе алады.

Сонымен қатар жаңашыл ұстаз – үздіксіз ізденістегі маман. Ол өзінің кәсіби біліктілігін арттырып, жаңа әдіс-тәсілдерді менгеріп отырады. Әлемдік білім беру тәжірибесін зерттеп, оны өз тәжірибесіне бейімдейді. Себебі сапалы білім беру – тоқтаусыз дамуды талап ететін үдеріс.

Қазіргі таңда білім сапасы – ел дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ал сол сапаның іргетасын қалайтын – ұстаз. Егер ұстаз жаңашыл болса, білім де сапалы, нәтижелі болады. Себебі жаңашылдық – дамудың қозғаушы күші.

Қорытындылай келе, жаңашыл ұстаз – болашақтың кепілі. Ол тек білім беріп қана қоймай, ел ертеңін қалыптастырады. Сондықтан әрбір педагог заман талабына сай жаңарып, кәсіби дамуға ұмтылуы тиіс. Себебі сапалы білім жаңашыл ұстаздан басталады.

**Жұлдыз ШАҢЫТБАЕВА,**  
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің жаратылыстану ғылымдары кафедрасының оқытушысы.

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

